

"Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасын" бекіту туралы (ІІІ сайланған ХХІІ кезекті сессия)

Күшін жойған

Павлодар қалалық мәслихатының 2006 жылғы 6 наурыздағы N 15/22 шешімі. Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2006 жылғы 11 сәуірде N 64 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы N 25/23 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қалалық мәслихатының 2010.03.31 N 25/23 шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3 бабы 2 тармағы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы 1 тармағының 8) тармақшасы, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңының 22 бабы 1-1 тармағының 4) тармақшасы негізінде қалалық мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. "Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасы" бекітілсін.

2. 1 қосымшаға сәйкес "Павлодар қаласы аумағында жалпы пайдаланатын жер құрамынан жер телімдерінің тізбесі" бекітілсін.

3. Павлодар қалалық мәслихатының 2002 жылғы 29 мамырдағы "Павлодар қаласын көріктендіру қағидасын" бекіту туралы" (2002 жылғы 12 шілдедегі МТН 1330) өзгерістер мен толықтырулар енгізілген N 51 шешімнің күші жойылды деп саналсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау қалалық мәслихаттың тұрақты комиссияларына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

А. Бахралинов

Қалалық мәслихаттың хатшысы

В. Лебедь

Павлодар қалалық мәслихатының
2006 жылғы 6 наурыздағы
"Павлодар қаласы аумағының
құрылысын салу, көріктендіру
және инженерлік қамтамасыз ету

қағидаларын" бекіту туралы"
N 15/22 шешімімен бекітілді
(III сайланған XXII кезекті сессия)

**Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу,
көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасы**

1. Жалпы ережелер

1. Павлодар қаласы аумағының құрылысын салу, көріктендіру және инженерлік қамтамасыз ету қағидасы (бұдан әрі - Қағида) жер телімдерінің сәулет, қала құрылысы және құрылыс субъектілерімен қолдану, қала аумағын жоспарлау және құрылысын салу жөніндегі шарттар мен талаптарды анықтайды, уақытша имараттарды, қолданыстағы жылжымайтын объектілерді өзгертуге немесе жаңаларды орналастыру мен салуға рұқсат етілген процедураларды өткізу тәртібін белгілейді, көріктендіру, күту, күзету қала инфрақұрылым элементтерін пайдалану, жер жұмыстарын және жабындысын бұзумен байланысты жұмыстарды өндіру, тазалықты сақтау, аумақтар мен көшелерді тазалау, жасыл желектерді, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың құқықтарын, міндеттерін және жауапкершілігін сақтау және қорғау тәртіптерін анықтайды.

2. Осы Қағида Павлодар қаласының аумағында тұратын немесе өз қызметін іске асыратын барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.

3. Қағида Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, Қазақстан Республикасының Жер Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне, Қазақстан Республикасының су Кодексіне, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы", "Тұрғындардың санитарлық-эпидемиологиялық саулық туралы", "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы", "Табиғи және техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар туралы", "Қоршаған ортаны қорғау туралы", "Тұрғын үй қатынастары туралы", "Жеке тұрғын үй құрылысы туралы", "Жарнама туралы" Заңдарына, басқа нормативтік құқықтық актілерге сәйкес әзірленді.

2. Қағидада қолданылатын негізгі түсініктер

4. Осы Қағидаларда төмендегідей түсініктер қолданылады:

1) аумақты көріктендіру - қаланың әкімшілік аумағында адамның қолайлы, жайлы тіршілік етуін қамтамасыз ететін жұмыстар мен элементтер кешені;

2) инженерлік желілер мен имараттар, байланыс - тұрғындар мен кәсіпорындарды жылумен, сумен, электр энергиясымен, байланыспен қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қала аумағынан жер үсті суын жинау және бұру үшін тағайындалған инженерлік көріктендірудің аса маңызды элементтері;

3) жасыл желектер - санитарлық-гигиеналық жағдайларды және көріктендіру мен сәулеттік-ландшафттық безендіру (көгалдар, гүлзарлар, ағаштар, көшеттер)

деңгейлерін көтеруді қамтамасыз ететін жоспарлау шешімдерінің элементтері;

4) жер жұмыстары - аумақтарды қазумен, үймелерді жабу, қайтадан жабу, шұңқырларды жасауға байланысты жұмыстар;

5) жер пайдаланушы - қаланың аумағында жер телімі бар жер пайдалануға не болмаса жеке меншікке құқықты заңды немесе жеке тұлға;

6) үй иесі - жеке меншікте үй құрылысы немесе оның бөлігі (еншісі) бар заңды немесе жеке тұлға;

7) бөлінген аумақ - жергілікті атқарушы органдардың шешімдеріне сәйкес жер иеленушіге (ғимараттар, имараттар, көлік магистральдары және басқа) объектілерді орналастыру үшін меншікке немесе пайдалануға берілген жер телімі;

8) шағын сәулеттік қалыптар - салыстырғанда көлемі бойынша неғұрлым сәнді, соғұрлым пайдалы сипаттағы үлкен емес объектілер;

сәнді имараттар - мүсіндер, фонтандар және сәнді су қоймалар, бедертақталар, оймабедерлер, гүлсауыттар, флагштоктар және басқалар;

пайдалы сипаттағы имараттар - беседкалар, павильондар, дүңгіршектер, сауда арбалары, сәкілер, сауыттар, көшелер, үйлер және жарнама белгілері, пошта жәшіктері және басқалар;

9) құрылыс салынбаған аумақ - жоспарлаудың негізгі нормаларының қолдануын шектейтін жер үсті және жер асты құрылыс салуының барлық түрлері жоқ аумақ;

10) қоғамдық орындар - қоғам пайдаланылатын, демалатын аймақтар (саябақтар, жағажайлар, гүлбақтары, алаңдар, көлік аялдамалары);

11) көше - жол бөліктері, аяқжолдар, жасыл желектер, жер асты және жер үсті инженерлік желілер орналасқан аумақ;

12) қызыл сызықтар - елді мекендердің жоспарлау құрылымында көшелерден (өткелдерден, алаңдардан) кварталдардың, шағынаудандардың, басқа элементтердің аумақтарын бөлетін шекаралар;

13) автотұрақ - жобалы-сметалық құжаттаманың негізінде ұйымдастырылған және автомобилькөліктерін орналастыру үшін тағайындалған аумақ;

14) жаңа аумақ - жаңа мерзімге уақытша жер пайдалану құқығын беруді және бұрын берілген жер телімдеріне қосымша жер телімдерін беруден басқа, жеке тұрған объектілер мен кешендерді құрылысы үшін жер телімдерін беру.

3. Қаланың құрылысын салу

5. Жеке тұрғын үй құрылысының аудандарын қалыптастыру елді мекендерді дамытудың бас жоспары, бөлшектеп жоспарлау жобалары және осы аудандардың құрылысын салу жобалары бойынша іске асырылуы қажет.

6. Жобалық және іздестіру жұмыстары көрсетілген жұмыстарды өткізуге лицензиясы бар заңды және жеке тұлғалармен орындалады.

7. Жеке тұрғын үй құрылысын салу аумағындағы құрылыс жұмыстарын орындау сәулет пен қала құрылысы жергілікті органының арнайы рұқсаты болған кезде ғана рұқсат етіледі.

8. Елді мекендерге іргелес аумақтарда жеке тұрғын үй құрылысының ауданын ұйымдастыру үшін алаңдарды таңдаған кезде елді мекеннің және оның қызмет аймақтарының болашақ аумақтық даму бағытын ескеру керек.

9. Тұрғын үй құрылысын салу аумағында сауда, тұрмыстық қызмет көрсетуді, жалпы білім беру мектептерін және мектепке дейінгі балалар мекемелерін, спорт және балалар алаңдарын, контейнерлік қоқысқабылдағыштарды орнату үшін алаңдарды, инженерлік жабдықтар имараттарын, автотұрақтарды орналастыру үшін телімдер, сондай-ақ көріктендіру және көгалдандыру аумақтары, қала құрылыс нормалары мен ережелеріне сәйкес басқа объектілерді орналастыру қ а р а с т ы р ы л у қ а ж е т .

10. Магистральді және жеткізгіш инженерлік желілер көше мен өткел б о й ы м е н ө т у і қ а ж е т .

11. Қала аумағында шағын сәулеттік қалыптарды орнату және ұстау келесі талаптарды сақтағанда іске асады:

1) ішкі көріктендірудің барлық элементтері, соның ішінде ғимараттардың қасбеттерін әрлеу бекітілген жобаға және өртке қарсы қауіпсіздік нормаларына с ә й к е с о р ы н д а л у ы т и і с ;

2) шағын сәулеттік қалыптарды орнату және құру сәулет және қала құрылыс бөлімі, жер қатынастар бөлімімен сәйкес келісімнен кейін ғана жүргізіледі;

3) құрылымдардың иелері мен пайдаланушылары көшелерге шығатын ғимараттар қасбеттерінің, алаңдарының, жаяжайлардың және басқа қоғамдық орындардың мерекелік безендіруін келісімсіз орындауға құқылы.

4.

Ескерту. 4 тарау алынып тасталды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008.03.05 N 99/4 шешімімен.

5. Құрылыс мақсаты үшін жер телімдерін беру және пайдалану тәртібі

23. Меншікке немесе жер пайдалануға жер телімін беру Қазақстан Республикасының белгіленген Жер Кодексі шегінде жергілікті атқарушы органмен іске асырылады.

24. Құқықты куәландыратын және құқықты белгілейтін құжаттар ресімделмеген жер телімдеріне келісімдерді жасау рұқсат етілмейді.

25. Жер телімдерінің орналасу орындары бойынша жер қатынастары жөніндегі уәкілетті орган сәулет және қала құрылысы органдарымен және уәкілетті органдармен бірлесіп аумақты аймақтандыруға сәйкес мәлімденген мақсатты жұмсау бойынша сұралынған жер телімдерін пайдалану мүмкіндігін

а н ы қ т а й д ы .

26. Объектілерді салу үшін жер телімін сұраған кезде жергілікті атқарушы органның тапсырмасы бойынша жер телімін таңдау алдын ала іске асады. Объектіні салу үшін жер телімін таңдау жерге орналастыру және қала құрылыс регламенттеріне сәйкес іске асырылады.

27. Жер телімдерін таңдау нәтижелері құрылыс салу үшін жер телімдерін таңдау туралы актімен ресімделеді.

28. Жер телімдерінің таңдау актілері және жер телімдерінің шекара жобалары жер телімдерін беру жөніндегі комиссияға қорытындыларды қарау және дайындау үшін беріледі. Комиссияның қорытындылары негізінде жерге құқықты беру туралы жерге орналастыру жобасы дайындалады.

29. Жер телімінің, сервитуттың мақсатты жұмсау және пайдалану тәртібі және құқықтық актілер негізінде белгіленген пайдаланудың басқа шарттары жер телімін иеленушімен немесе жер пайдаланушымен өздігінен өзгертілуі мүмкін е м е с .

30. Жер телімінің мақсатты жұмсалуын өзгерту уәкілетті органдармен сәйкес келісімнен кейін белгіленген жер заңнамасы тәртібінде іске асырылады.

31. Егер құрылыс объектісін орналастыруға таңдалған аумақта тұрғын үйлер, басқа ғимараттар мен имараттар, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар және қазу немесе басқа жерге көшіруге жататын (соның ішінде жер бөлінген кезде өндірістік кәсіпорындардың санитарлық-қорғалатын аумақтарына түсетін) жасыл желектер орналасқан жағдайда, тапсырыс беруші меншік иесіне шығындардың өтем шарты туралы жылжымайтын мүлік иесінің әрбірімен жасалған келісім-шартты қосымша береді.

Келісім-шартта жылжымайтын мүлікті жоюмен байланысты барлық шығындарды өтеу жөніндегі жұмыс істеп тұрған құрылымдарды, инженерлік коммуникацияларды, жасыл желектерді орнынан көшіру, орнын ауыстырудың нақты жағдайлары мен мерзімдерін көрсетеді.

32. Құрылыс салу үшін жер телімдеріне құқықтарды сату жөніндегі саудаларды өткізу кезінде қала әкімдігі төмендегідей қосымша талаптарды белгілеуге құқылы:

жылжымайтын мүлік объектілерін жоюға кететін шығындар мен басқа жұмсауларды өтеу: тұрғындарды көшіру, көлік, байланыс және инженерлік жабдықтардың имараттары мен коммуникацияларының орнын ауыстыру;

инженерлік, көліктік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу (заңнамамен қаралған жағдайлардан басқа);

жылжымайтын мүлік объектілерін салу мерзімдерін сақтау;

жалпы пайдалану аумақтарын көріктендіру.

Көрсетілген талаптар жер теліміне құқықтың басқа тұлғаға ауысқан жағдайда

с а қ т а л а д ы .

33. Павлодар қаласы аумағындағы кәсіпкерлік қызмет көрсету объектілерінің құрылысын салу үшін мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер телімдерін беру немесе жер телімдерін (жаңа бөлуді) жалға беру құқығы белгіленген заңнама тәртібінде сауда-саттықтарда жүзеге асырылады.

Жоғарыда көрсетілген жағдайларда жер телімдерін беру тұрғын үй құрылысын дамыту Мемлекеттік бағдарламасы мен индустриалды-инновациялық дамыту Стратегияларын іске асыру мақсатында сауда-саттықтар ретінде және жалпы тәртібінде жүзеге асырылады.

34. Саябақтар, саяжолдар, бульварлар және қаланың көше бойында орналасқан жасыл аймақтар, үй іші аумағында орналасқан балалар спорт алаңдары осы Қағиданың қосымшасына сәйкес жалпы пайдаланудағы жерлерде орналасады .

Ескерту. 34 тармақ жаңа редакцияда - Павлодар қалалық мәслихатының 2007.03.28 N 27/31 шешімімен.

6. Қала аумағының құрылысын салуды реттеу

35. Қала аумағының құрылысын салу жер телімдерін пайдалану жөніндегі қала құрылысының талаптарына сәйкес жүргізіледі:

1) жер телімдерін пайдалануға қала құрылысы талаптарын құрылыс салу үшін көрсеткен кезде Павлодар қаласының бас жоспары, жоспарлау және құрылым салу жобалары, сондай-ақ осы Қағида негізінде белгіленеді;

2) объектінің құрылысын салуды жүзеге асыруға ниеті бар тапсырыс беруші жер заңнамасына сәйкес осы объектіні салу үшін жер телімдеріне құқық не болмаса тапсырыс берушіге меншік немесе жер пайдалану құқығында тиесілі телім құрылысын пайдалануға рұқсат алуға міндетті;

3) сәулет және қала құрылысы органдары жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органмен бірігіп Павлодар қаласының бас жоспарына және өзге актілеріне сәйкес объект құрылысы үшін жер телімін пайдалану мүмкіндігін анықтайды ;

4) қала әкімдігімен жобалау және (немесе) құрылыс салу мақсаттары үшін жер телімдерін беру туралы қаулы қабылданғаннан кейін сәулет органы мен құрылыс салушының арасында жер телімін игеру келісім-шарты жасалады, онда төмендегідей жағдайлар анықталады:

жер телімінің игерілу мерзімі;
жер телімі игерілуінің аралық бақылау мерзімі;

олармен жер телімінің игерілу кестесін орындамаған жағдайда құрылыс салушының жер телімін (жер пайдалану құқығын) алып қою шарттары;

5) құрылыс салушыдан жер телімін (жер пайдалану құқығын) алып қою шарттары құрылысты іске асырған кезде олармен шығындалған шығындарды

қайтаруды қамтамасыз етуі тиіс.

36. Құрылыс-жөндеу жұмыстарын жүргізуге рұқсат - жылжымайтын объект иесінің немесе пайдаланушының құқығын куәландыратын құжат жер телімінде құрылыс салуды, ғимараттарды, құрылымдарды, имараттарды және магистралды инженерлік желілерді салуды және қайта құруды, аумақтарды көріктендіруді іске асырады.

37. Құрылыс салуға рұқсат органмен беріледі, уәкілеттілік рұқсатты азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштері, жер теліміне құқықты куәландыратын құжаттар және бекітілген жобалық құжаттаманың негізінде беріледі.

38. Құрылыс салуға рұқсат бір жылдан артық емес мерзімге беріледі.

39. Құрылыс салуға рұқсат берілгеннен кейін жылу-, су-, энергиямен жабдықтайтын ұйымдар 15 күннің ішінде техникалық жағдайларды береді.

40. Құрылыс салу алаңдарының шекаралары қолданыстағы нормалар мен Қағидаларға сәйкес әзірленген, барлық мүдделі тұлғалармен келісілген және сәулет органымен бекітілген құрылыс салу жоспарымен анықталады.

41. Қала көшелеріне, алаңдарына, тұйық көшелеріне, саябақтарына, саяжайларына, басқа құраушы бөліктеріне атаулар беру, қайта атау, олардың атау транскрипцияларын өзгерту, жасыл телімдерге (ғимараттар мен имараттарға) реттік нөмір беру тәртібі, көрсеткіштерді орнату мен іске қосу белгіленген заңнама тәртібінде іске асырылады.

7. Жобалау және құрылыс

42. Рұқсат беру құжаттары жобалық жұмыстардың келесі түрлерін жүргізуге ресімделеді:

1) ғимараттар, имараттар және түрлі жұмсаудағы кешендердің жаңа құрылысын салу, қайта жаңарту (қайта жоспарлау, қайта жабдықтау), кеңейту, техникалық қайта жарықтандыру және күрделі жөндеуді жобалау;

2) күрделі жөндеуді жобалау, жаңғырту мен консервациялау, объектілер мен имараттардың қорғау аймақтарын анықтау;

3) жер асты және жер үсті инженерлік коммуникациялар мен имараттар, автомагистральдар, көшелер, өткелдер мен көліктік имараттар, темір жол жолдары мен трамвай жолдары және имараттары, қоғамдық көлік аялдамаларының жаңа құрылысын салу, қайта жаңғырту, кеңейту, техникалық қайта жарықтандыру және күрделі жөндеуді жобалау;

4) алаңдар, саябақтар және түрлі жұмсаудағы басқа жасыл аймақтар, бассейндер мен фонтандар, қоршаулар мен шағын сәулет қалыптары, көше жарықтандыру, ғимараттар, имараттар мен кешендерді әрлендіру әр түрлі жарнамалар, ақпараттық құрылымдардың және көше көрсеткіштерінің жаңа құрылысын салу, қайта жаңғырту және күрделі жөндеуді жобалау;

5) уақытша жұмсаудағы объектілерді (павильондар, дүңгіршектер, жазғы алаңдар, базарлар, автотұрақтар, гараждар, жанар-жағармай құю стансалары, автомобильдерді техникалық тексеру мен нақтылау орындары, қоршаулар, уақытша инженерлік желілер, көше жарықтандыру мен басқа объектілерді) орналастыру мен жайластыруды жобалау;

б) аумақтарды жоспарлау бойынша құрылымдар мен жасыл желектерді, жер жұмыстарын жоюды, ғимараттар, құрылымдар мен имараттардың ішкі және сыртқы жылжымалы қабырғаларын бұзуды, негізгі жолаушылар телімдері мен алаңдарында аяқжол тақталарын төсеу, асфальтпен жабу, бетонмен жабуды және басқа жұмыс түрлерін жобалау, нәтижесінде функцияналды пайдалану мен объектінің ішкі көрсеткіштерін өзгертеді.

43. Рұқсат құжатынсыз төмендегідей құрылыс жұмыстары орындалады:

- 1) бұрын келісілген жобалық құжаттама бойынша ағымдағы жөндеу;
- 2) уәкілетті органдармен келісу бойынша жаппай мерекелік іс-шараларды өткізу кезінде халыққа қызмет көрсету үшін сауда объектілерін орналастыру.

44. Жобаны әзірлеу төмендегідей кезеңдер бойынша жүзеге асырылады:

- 1) нобай жобасын әзірлеу;
- 2) жұмыс жобасын әзірлеу;
- 3) жобаны сараптау, оның ішінде экологиялық;
- 4) тапсырыс берушімен жобаны бекіту.

45. Әзірленген жоба сараптаманың қарауына ұсынылады. Жоба құрылыс нормаларынан, сәулеттік-жоспарлау тапсырмаларына ауытқыған жағдайда, жоба ескертулермен бірге белгіленген тәртіпте оны қайта қараумен аяқтауға қ а й т а р ы л а д ы .

46. Жер теліміне жеке меншік құқығына немесе жер пайдалану құқығына актіні ұсынғанда жобалық құжаттамаға сараптау органының ұнамды қорытындысы бар тапсырыс берушілер қайта тұрғызу жөніндегі құрылыс жұмыстарын жүргізуге рұқсат беру туралы өтінішімен сәулет және қала құрылысы органдарына үндейді.

47. Құрылыс сәулеттік-құрылыс бақылаумен сүйемелденеді.

48. Объектілер мен кешендерді іске қосуға қабылдау олардың құрылысы, қайта жаңартылуы, кеңейтілуі, техникалық қайта жарақтандырылуы, жаңғырту және күрделі жөндеуі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының "Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Заңымен белгіленген тәртіпте ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы .

49. Объектілер мен кешендерді іске қосуға қабылдау жұмыс комиссиясының ескертулерін жойғаннан кейін іске асырылады және белгіленген тәртіпте бекітілген мемлекеттік қабылдау комиссиясының актілерімен не болмаса қабылдау комиссиясының актілерімен ресімделеді

50. Іске қосуға салынған объектінің белгіленген тәртіпте бекітілген қабылдау актісі онымен жылжымайтын мүлікке және олармен келісім жасауға құқықтарын мемлекеттік тіркеу органдарында объектіні тіркеу үшін негіз болып табылады.

51. Объектілерді іске қосудың кепілдік мерзімдері заңнамаға сәйкес белгіленеді.

52. Жергілікті сәулет және қала құрылыс органымен келісімсіз жүргізілген тұрғын үйлердің, жеке тұрғын үйлерден басқа, құрылыстарын салу, жалғай салу, қондырма салу және қайта жобалау, сондай-ақ жер телімдерін тандау және берудің белгіленген тәртібін бұзумен жүргізілген құрылыс өз еркімен жүргізілген құрылыс деп саналады.

53. Өз еркімен жүргізілген құрылыс және құрылысты іске асыруды бақылау кезіндегі айқындалған бұзушылықтарды жою туралы ескертуді орындамағаны үшін құрылыс салушы заңнамаға сәйкес жауапкершілікке тартылады.

54. Тұрғын үйлерде және олардың сыртында азаматтардың өмір тіршілігіне және қоршаған ортаның жайлы болуына әсер ететін, түнгі уақыттағы (23.00 сағаттан 6.00 сағатқа дейін) тыныштықты бұзу және (жұмыстан туындайтын айғай-шудан басқа) айғай-шу тәртібіне тыйым салынады.

54-1. Үй іші аумағында орналасқан жер телімдерінде күрделі имараттардың (ғимараттар, гараждар және тағы басқа) құрылысын салуға тыйым салынады.

Ескерту. Шешім 54-1 тармақпен толықтырылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2007.03.28 N 27/31 шешімімен.

8. Қала аумағын тазалау

55. құрылыс иелері мен оны пайдаланушылар меншіктегі аумаққа қатысты периметр бойынша 10 метр радиустегі шекара төңірегіндегі аумақты тазалау және ұстауды іске асырады.

Кәсіпорындардың санитарлық қорғайтын аймақ аумағын тазалау иелері немесе пайдаланушылар іске асырады.

Ескерту. 55 тармақ жаңа редакцияда - Павлодар қалалық мәслихатының 2009.06.04. N 75/15 шешімімен.

56. Меншік қалпына қарамастан заңды және жеке тұлғалар бөлінген аумақ шекарасында аяқжолдарды тазалау, суару және топырақпен себуді, қар мен қоқыстарды шығару, суағындылар мен кәріздерді тазалауды қажеттілігі бойынша жүйелі орындауға міндетті.

57. Темір жолдар, көпірлер, қиябеттер, үймелер, өткелдер, темір жолдардан өтетін өткелдер, соңғы рельстерден 50 метр енінен кем емес оқшаулану аймағының шегіндегі аумақтар темір жол ұйымдарымен және осы имараттарды іске қосатын өту жолдарының иеленушілерімен тазаланады.

58. Барлық қиратылатын не болмаса бөлшектенетін құрылымдар мен имараттар қоршалынуы, 15 метрден кем емес іргелес аумақ иеленушімен

тазалануы тиіс. құрылымды бөлшектегеннен немесе қиратқаннан кейін құрылыс қалдықтары қаланың қатқыл-тұрмыстық қалдықтар полигонына шығарылады, ал телім рекультивациялауға жатқызылады.

59. Тұрғын үй құрылысына қарама-қарсы орналасқан автобус аялдамалары мен такси тұрақтарының аумақтарын тазалау осы аумақ бекітілген сәйкес коммуналдық қызметтерге, кәсіпорындарға, мекемелерге, ұйымдарға жүктеледі. 15 метр өрісінде автомобильдер стансалары, көлік шаруашылығының диспетчерлік пунктері, диспетчерлік қызметтермен сөйлестіретін құрылғыларды және оған бекітілген аумақтарды ұстау және тазалау көрсетілген объектілердің иелерімен және пайдаланушыларымен іске асырылады.

60. Екі жағынан да 5 метр қашықтықтағы трамвай жолдарын, жер телімдерінің өткелдерін тазалау трамвай басқармасымен жүргізіледі.

61. Қаланың жол бөлігін тазалау әсіресе түнгі уақытта жүргізіледі.

62. Қаланың аумағын санитарлық тазалау жөніндегі көріктендіру айлықтары жыл сайын сәуір-мамыр, қыркүйек-қазанда өткізіледі.

63. Сауда объектілерінің және басқа пунктердің иелері тұрғындарға қызмет көрсету бойынша күн ішінде тазалықты ұстауға және жер учаскесінің шекарасынан 10 метр өрісінде оларға іргелес жатқан аумақтарды қоқыстан т а з а л а у ғ а м і н д е т т і .

Ескерту. 63 тармаққа өзгерту енгізілді - Павлодар қалалық мәслихатының 2009.06.04. N 75/15 шешімімен.

63-1. Жалпы пайдаланудағы жерлерде орналасқан үй іші аумағының санитарлық тазалығын тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы өкілетті орган қамтамасыз етеді.

Ескерту. Шешім 63-1 тармақпен толықтырылды - Павлодар қалалық мәслихатының 2007.03.28 N 27/31 шешімімен.

64. Барлық алаңдарда және көшелерде, бақтарда, саябақтарда, вокзалдарда, кемежайларда, базарларда, қалалық көлік аялдамаларында, әуежайда және басқа қоғамдық орындарда жеткілікті сандарда жандандырылған көшелерде бір-бірінен 40 метр көп емес, аз адам жүретін көшелерде 100 метр қашықтықта сауыттар о р н а т ы л у ы т и і с .

65. Қалалық көлік аялдамалар орындарында, әрбір жер асты өткелдерінен шығатын жерлерде, сауда орындарында 2-ден аз емес сауыттар орнатылу міндетті.

9. Қоқыстар мен қатқыл-тұрмыстық қалдықтарды жинау және шығару

66. Қоқыстар мен қалдықтарды жинау үшін контейнерлерді орнату үй иеленушілерімен, кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелер басшыларымен келісім-шарттар жасау бойынша мамандандырылған кәсіпорындарымен іске

асырылады. Қоқыс контейнерлері жинақтау нормалары есебінен орнатылады.

67. Контейнерлерді орналастыратын алаңдарда су өтпейтін қатты жабынды және жер асты жолдары болу керек, контейнерлер әрқашан жарамды түзу жағдайларда, қақпақтары және боялған немесе қоқыс жинайтын машиналарға қолайлы кіру есебімен 1,8 метрден кем емес үш жақты керең қоршау болуы тиіс.

68. Контейнерлерді орналастыратын алаңдар ғимараттар мен имараттардан 25 метрден кем емес және 100 метрден артық емес қашықтықта орналасуы тиіс. Контейнерлерден алаңдардың соңына дейінгі қашықтық бір метрден кем емес б о л у ы к е р е к .

69. Контейнерлер санын анықтау үшін контейнерлерді пайдаланатын тұрғындар санын, қалдықтарды жинау нормаларын, олардың сақталу мерзімін с а н а у қ а ж е т .

70. Бөлінген аумақтарда қоқыс жинау контейнерлері мен қоқыс жинау алаңдарын ұстауға жер пайдаланушылар, ал жалпы пайдалану жерлерінде қоқыстарды шығару жөніндегі мамандандырылған кәсіпорындар жауапты.

71. Қатқыл-тұрмыстық қалдықтарды жинау және жоюжүйесі белгіленген келісім-шартпен қалдықтардың жинақтау-объектілер аумақтарынан әрқашан кезеңділікпен шығаруды қарастыруы қажет:

1) тұрғын үй массивтері үшін - контейнерлерде қоқыс пен қатқыл-тұрмыстық қалдықтардың жиналуына жол бермейтін үй иелері не болмаса пәтер меншік иеленушілер кооперативімен белгіленген кестеге сәйкес, бірақ үш күнге бір реттен кем емес, ал жыл мерзімінде (15 градус нөлден жоғары) - күн сайын;

2) қоғамдық және мәдени жұмсаудағы объектілер үшін - қажеттілігі бойынша , бірақ аптасына 2 реттен кем емес;

3) ірі көлемді қатқыл қалдықтар үшін - сұраным бойынша.

72. Қоқыс өткізгіштерде, қоқыс контейнерлерінде қоқысты жағуға, қоқыс қабылдағышқа құрылыс қоқыстарын, темір сүймелерін лақтыруға тыйым с а л ы н а д ы .

73. Қоқыс өткізгішінің камералары, қоқыс жинақтарды және камерадан қалдықтарды шығару орнына іргелес аумақтарды, сондай-ақ контейнерлерді орналастыратын алаңдарды ұстауға меншік иелері, объект кондоминиумының басқару органы немесе қарамағында ғимарат орналасқан ұйым жауапты.

74. Қоқыс жәшіктерін, қоқыс жинау бақтарын, контейнерлерді дезинфекциялау санитарлық Қағидалар мен нормаларға сәйкес мамандандырылған кәсіпорынмен іске асырылады.

75. Қоқыстарды және тұрмыстық қалдықтарды тазалау жөніндегі ұйымдар:

1) тұрғын үй, ұйымдар, мекемелер мен кәсіпорындар аумақтарынан қоқыс жоюды у а қ ы т ы н д а і с к е а с ы р у ғ а ;

2) әрбір мамандандырылған машинаға қозғалыс кестесімен бағдар кестесін

қ ұ р а с т ы р у ғ а ;

- 3) өзгерілген іске қосу жағдайларына сәйкес бағдар кестелерін түзетуге;
- 4) бекітілген бағдар кестелерінің міндетті орындалуын қамтамасыз етуге;
- 5) жеке меншік тұрғын үй құрылысын салу аудандарында қатты тұрмыстық қалдықтардан аптасына екі реттен кем емес жоспарлы-реттік тазалау жүйесін іске асыруға міндетті.

76. Мамандандырылған кәсіпорындарынан басқа заңды тұлғалар қоқыстарды және қатқыл-тұрмыстық қалдықтарды қалалық қоқыс үйіндісіне шығаруды санитарлық нормалар мен Қағидаларға сәйкес мамандандырылған кәсіпорындармен жасалған келісім-шарт негізінде іске асырады.

10. Қысқы жағдайларда аумақтарды тазалау және ұстау

77. Қарды тазалау қар көшкіні басталғаннан бастап үймені болдырмау үшін қар мезгілі аяқталғанға дейін тоқтаусыз жүргізілуі қажет.

78. Қар көшкіні біткеннен кейін, автобус аялдамалары аумақтарынан басқа барлық көшелер мен алаңдардағы жаңа түскен қарды белдіктер мен үйінділерге қалауға одан кейін тез арада белгіленген жерлерге шығаруға рұқсат етіледі.

79. Қар мен мұз бірінші кезекте жол өткізгіштерінен, магистралды көшелерден және автобус жоларналарынан тазаланады және жиналады.

80. Өткелдерді, өтетін жолдарды қоршауға және отырғызылған көшеттерге кір қар мен мұзды төсеуге, жасыл желектер өнген жерлерді, көшелер мен алаңдарды роторлық қар тазалауытқышпен тазалауға тыйым салынады.

81. Төбелерді қардан тазалау және ернеулерде, төбелерде және суағызу құбырларда шорларды жою жаяу жүрушілермен төтенше жағдайларды және әуе желілерінің, жарықтандыру аспаптарының және жасыл желектердің жарақаттануын болдырмау үшін сақтық шараларын міндетті сақтау ғимараттар мен имараттар иеленушілері және пайдаланушыларымен жүргізіледі.

82. Жинау орындары болмаған кезде төбеден түсірілген қар дереу шығарылуы қажет.

83. Меншік қалпына қарамастан, заңды және жеке тұлғалар бөлінген аумақ шекарасында тайғанаққа қарсы іс-шараларды (мұзды, қарды жару, тайғанақ жерлерді дәртіз материалдармен себу) жүргізуге міндетті.

84. Қардан көшелерді механикаландырылған тазалау бойынша жұмыстарды орындау кезінде көлік құралдарының иелері көшелердің жол бөлігін босатуы қажет.

11. Көшелерді және жол имараттарын ұстау тәртібі

85. Көшелер және жолдар, жол имараттары мемлекеттік меншік болып табылады және жалпы пайдалануға арналған.

86. Көшелерді ластайтын, көлік құралдарымен тасымалданатын жүктер көшелерді ластау мүмкіншілігін болдырмау үшін мұқият жабылу керек.

87. Базалардың, қоймалардың, кеніштердің, құрылыс алаңдарының, зауыттардың, фабрикалардың және басқа объектілердің иелері көлік бұрылуына арналған жүру жолдары мен алаңдарын ұстауды қамтамасыз етеді.

88. Көшелер мен жолдардың барлық пайдаланушыларының міндеті көлік құралдарының тоқтаусыз қозғалуын қамтамасыз ету болып табылады.

89. Т ы й ы м с а л ы н а д ы :

1) көшелерге, жолдарға және жол имараттарына, таңбаларға, жол қозғалысын реттейтін құралдарға, жасыл желектерге зақым келтіруге;

2) көшелерді, жолдарды, өткелдерді және ғимараттар мен имараттарға, сондай-ақ өрт сөндіргіш су көздеріне өткелдерді оқшаулауға және үйлеуге;

3) көшелердің жол бөліктеріне және жолдарына кәріз, өндірістік және еріген суды ағызуға, машиналарды белгіленбеген жерлерде жууға;

4) сәйкес келісімсіз жол жабындысын бұзумен байланысты жұмыстарды жүргізуге ;

5) жыланбауырлы көлікте қала көшелерімен жүруге;

6) көлік құралдарының көшелер және жолдармен жүруге, белгіленген нормалардан асатын белағашқа жалпы габариттер, салмақ және күш түсіруге;

7) көшелер мен жолдарды ластайтын сәйкес ыдыссыз сусымалы және басқа жүктерді тасымалдауға.

12. Қала аумағында жол жабындысының, аяқжолдарының, көгалдарының және қалалық шаруашылықтың басқа элементтерінің бұзылуына байланысты жұмыстарды жүргізу

90. Заңды және жеке тұлғалар жер жұмыстарын не болмаса қала аумағында жол жабындысын, аяқжолдарын, көгалдарын және қалалық шаруашылықтың басқа элементтерін бұзумен байланысты басқа жұмыстарды "Павлодар қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" (бұдан әрі - ТҰКШ бөлімі) мемлекеттік мекемесімен берілген, жазбаша рұқсаты (ордер) болған кезде ғана жүргізе алады.

91. Қалпына келтіру, жол жабындысын ашу, көшені, алаңдарды және жалпы пайдаланылатын басқа жерлерді қазу жұмыстарын тоқтатпай жүргізуді талап ететін инженерлік желілердің апат кезінде 24 сағат ішінде жұмыстарды жүргізуге рұқсатты (ордер) одан әрі ресімдеумен ТҰКШ бөліміне, жол полиция органдарына, өртке қарсы қызметтеріне, инженерлік желілерінің иелеріне х а б а р л а у ы қ а ж е т .

92. Жұмыстарды жүргізуге рұқсат (ордер) тапсырыс берушіге не болмаса о н ы ң ө к і л і н е б е р і л е д і .

93. Ордерді хаттау үшін тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне т ө м е н д е г і д е й қ ұ ж а т т а р д ы :

1) жұмыстарды жүргізу үшін ордер беруге тапсырысты;

2) жұмыстарды жүргізуге инженерлік желілер мен коммуникациялар иелерімен және сәулет қала құрылысы саласындағы өкілет органдарымен келісілген жобаны;

3) жұмыс жүргізу жобасын немесе объект бойынша жұмыс жүргізу кестесін;

4) жасыл желектерді, көгалдарды, (қажеттілігі болғанша) жоюға тапсырысты;

5) жолдардың жарақаттанған элементтерін, сондай-ақ көріктендірудің басқа элементтерін қалпына келтіру туралы міндеттемені тапсыру қажет.

94. Жоғарыда көрсетілген құжаттардың негізінде тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жұмыстарды жүргізу рұқсатын (ордер) береді, ал қажет кезде жасыл желектерді жоюға рұқсат береді.

95. Қала көшелерінде көлік қозғалысын шектеумен немесе жабумен байланысты жұмыстарды жүргізу кезінде автокөлік қозғалысын жабуға сәйкес рұқсат хатталады, ал қоғамдық көлік қозғалыс бағдарының өзгерген кезінде қала тұрғындарына бұқаралық ақпарат құралдары арқылы хабар беру қажет.

96. Қалалық шаруашылық объектілері және құрылыс механизмінің жұмыс аймағы жұмыстың аяқталу мерзіміне қарай қалыпты жағдайға келтірілуі керек.

97. Жетілдірілген жабындысы бар көшелердегі, алаңдардағы жер асты имараттарды өткізу және қайта орнату мүмкіншілігінше жабындыға зиян келтірусіз жабық тәсілмен (тесу) жүргізілуі тиіс.

Өткізудің ашық тәсілі квартал ішінде, көріктендірілмеген көшелерде, алаңдарда, сондай-ақ жер асты имараттарды қайта салу және күрделі жөндеу кезінде жүргізіледі.

98. Жұмыс жүргізуші жұмыс басталғанға дейін:

1) қазу шекараларында қоршаулар мен ескертетін сәйкес таңбалар орнатуға;

2) жолаушылар жүру жерлерінде жолаушылар көпірлерін орнатуға және түнгі уақытта қазу телімдерінің жарықтандыруын қамтамасыз етуге;

3) нөсер кәріздерінің тоқтаусыз жұмысын қамтамасыз ету шараларын қабылдауға;

4) жасыл желектер болған кезде олардың сақталуын қамтамасыз ететін керен сауытпен қоршауға;

5) өткелдерді немесе жолаушылар өтетін жолдарды жабу қажет кезде айналым жолдарды дайындауға, объектіні сәйкес таңбалармен белгілеуге міндетті;

б) жұмысты жүргізу әрекеттегі нормалар мен ережелерге, сондай-ақ ордерде көрсетілген жағдайларға сәйкес жүргізіледі.

99. Жасыл желектерді, жер асты имараттар құдықтарының қақпақтарын, суағызу торларын, лотоктарды жермен немесе құрылыс материалдармен жабуға тыйым салынады.

100. Жобада белгіленген жер асты желілер мен имараттарды, сыртқы

көріктендіру элементтерін бұзғаны үшін, жасыл желектерді жарақаттағаны үшін, сондай-ақ қайта орнатылған жұмыстардың сапасы үшін ордерді алған жауапты.

101. Жұмыс жүргізілгеннен кейін қазылған жерлер қысылмайтын материалмен (кұм, ұсақ тас) себіледі. Ордер алушы жұмыс аяқталуы туралы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөліміне хабар береді.

102. Бұзылған жабындылар мен көріктендіру элементтерін қалпына келтіру қайтадан топырақпен себу жөніндегі жұмыс аяқталғаннан кейін екі тәуліктен қ а л м а й б а с т а л у ы қ а ж е т .

103. Жұмыстарды жүргізу шарттарын бұзған, сапасыз қалпына келтірген немесе қалпына келтіру жұмыстарының мерзімдерін бұзған жағдайларда тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімі жол полиция органдарымен бірлесіп, белгіленген заңнама тәртібінде, зиян келтіргені үшін жіберілген бұзушылықтардың жойылуын, шығындардың төленуін талап етуге, кінәлі тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарту жөніндегі шаралар қабылдауға м і н д е т т і .

104. Көшелерді, алаңдарды және жалпы пайдаланымдағы басқа жерлерді ашу және жол жабындысын қазу бойынша жұмыстарды орындайтын ұйымдар мен кәсіпорындар жұмыс жүргізу орындарында ақпараттық сауыттарды орнатуға тиіс .

105. Асфальт-бетон жабындысын қалпына келтіру кезінде жұмыс жүргізілетін жерлерінде ТҰКШ бөлімі және жол полиция органдарының өкілдері шақырылуымен көріктендірудің бұзылған элементтерін қалпына келтіру туралы акт құрылады.

13. Жасыл желектерді ұстау, қорғау және жою

106. Ағымдағы жасыл желектерді күтіп ұстау, сақтау және қайта отырғызу ж а у а п к е р ш і л і г і :

1) тұрғын үй шағын аудандарындағы, тұрғын үй алдында тұрған көшелердегі құрылымнан аяқжол сызығына дейінгі - аула іші аумағының шегінде тұрғын үй қ о р ы н ы ң и е л е р і н е ;

2) өнеркәсіптік кәсіпорындардың және меншіктің басқа объектілері аумақтарындағы, сондай-ақ бөлінген немесе бекітілген аумақтардағы және санитарлық-қорғалатын аймақтардағы - осы объектілердің иелеріне не болмаса п а й д а л а н у ш ы л а р ы н а ;

3) құрылысқа бөлінген аумақтардағы - тапсырыс берушілерге;

4) Павлодар қаласының жасыл аймағы, саябақ, саяжол, бульварлар аумағындағы - меншік иелеріне не болмаса меншік иелерімен өкілденген тұлғаға ж ү к т е л е д і .

107. Жер пайдаланушылар бекітілген және бөлінген аумақтарда жасыл желектерді қайта өндіруге және қорғауға, соның ішінде мынадай жұмыстарды

орындауға

міндетті:

1) қоқыстарды тазалау, тырмамен көгалдарды тарау, қурап қалған жапырақтарды жинау, шағыр арамшөптерді шабу, көгалдарды шабу, көшеттер мен көгалдарды кесу;

2) 1,5 метрден кем емес ағаштардың баған қуыстарын жасаумен топырақты қопсыту;

3) вегетация мерзімі ішінде жасыл желектерді суару;

4) бар жасыл қорға ағаштар мен көшеттерді жөндеп отырғызу;

5) ағаштарды бас жағын кесу, қурап қалған бұтақтарды, жаңа өскен, сынған бұтақтарды кесу;

6) ескіріп қалған ағаштарды жаңғырту;

7) ауру және қурап қалған ағаштарды жою (комиссия актілері бойынша);

8) көктем мерзімінде қуыстарды жөндеу, жетпеген топырақты себу, күзгі-қысқы мерзімде отырғызылған ағаштарды суару.

108. Мемлекеттік меншік жерлерінде орналасқан жасыл желектер аумақтарында тыйым салынады:

1) құрылыс материалдарды, топырақты, көмірді, ағаштарды жинау;

2) көгалдарды, гүлзарларды, баған қуыстарын ластау;

3) көгалдармен жүру, ағаштарды, көшеттерді сындыру немесе кесу, басқа механикалық зиян келтіру;

4) өнеркәсіптік сумен және басқа қалдықтармен жасыл желектер аумақтарын ластау;

5) бау-бақша құралдары мен жабдықтарға зиян келтіру (сәкілер, сауыттар, қоршаулар мен көгал тораптары);

6) автомобильдер құралдарының тұрақтарын орнату;

7) алау жасау, басқа өртке қарсы ережелерді бұзу;

8) мал жайлау, құм, топырақ алу;

9) өз еркімен ағаштар мен көшет желектерін кесуді іске асыру;

10) жасыл желектерге зиян келтіргіш қамтамасыз етілмеген жабдықтармен жаңа және қайта салынатын кәсіпорындарды, цехтарды, агрегаттарды және басқа объектілерді іске қосуға енгізу;

11) өз еркімен қоршауларды орнату;

12) футбол, волейбол, қалашықтар және басқа қимыл ойындарын ойнау;

13) жасыл желектерді сындыру және зиян келтіру; ағаштарға асылма және өткеншек ілу; киім-кешек кептіру үшін арқандар байлау; электрлік және телефон сымдарын ілу; жазулар жазу; жапырақтарды, жеміс-жидектерді, гүлдерді жұлу; көгалдар мен гүлзарларда отыру, жүру, ойын ойнау;

14) тұрғын үй құрылыс аумақтарда, саябақтар мен бақтарда жапырақтарды жағу.

109. Жасыл желектер аумақтарында жұмыстар жүргізген кезде заңды және жеке тұлғалар :

- 1) зақымданудан жасыл желектерді қоршауға;
- 2) қала жолдарының, аяқжолдарының, өткелдерінің, аландарының негізін салған және асфалттаған кезде одан кейін оған көгал шөптерін егу үшін диаметрі 1,5 метрден кем емес қасынан шұңқыр қалтыруға;
- 3) гүлзар шөптерін егу арқылы бұзылған сыртқы өсімдік қабатын қайта өңдеуге міндетті.

110. Құрылыс салуға немесе басқа жұмыстарды өткізуге бөлінген телімдерде жасыл желектерді сақтау мүмкіншілігі болмаған жағдайда меншік нысанына және жер пайдалану құқығына қарамастан, жеке үй иеленушілер және саябақ-тұтыну кооперативтерінен басқа заңды және жеке тұлғалар жасыл желектерді жоюды, қайтадан отырғызуды және кесуді талап ететін жұмыстарды жүргізгеннен бұрын уәкілетті органының рұқсатын алуы тиіс. Рұқсатты берудің негіздемесі Павлодар қаласының жасыл қор жөніндегі комиссиясының оңтайлы шешілген қорытындысы болып табылады.

111. Жасыл желектерді жою кезінде мынадай жағдайлар:

- 1) жасыл қор объектілердің шаң қорғайтын, жел қорғайтын, газға бекемді және фитоницидті сапалары;
- 2) негізгі биометриалық көрсеткіштер: өсімдіктердің жасы, бойы, өзектің диаметрі, олардың үстіңгі жағының кеңдігі мен қалыңдығы;
- 3) қалалық объектілердің сәнімділігі мен эстетикалық безендіруге ықпалы;
- 4) олардың сауықтыру ықпалы ескеріледі.

112. Жасыл желектерді жоюға рұқсатты алған кезде тапсырыс беруші жасыл желектердің бағаланған құнын төлейді және рұқсат берілген шарттарға сәйкес одан кейін үш жылдың ішінде оны күтуге қысқа мерзімде жасылдандыруды қайтадан орнына келтіреді.

113. Қала аумағында жаппай мерекелік іс-шараларды өткізген кезде көгалдандыру объектілері, сондай-ақ көгалдар мен гүлзарларды жойғаны үшін уәкілетті органының актісіне сәйкес осы іс-шараның ұйымдастырушысы жауапты.

114. Жасыл желектерді өз еркімен жойғаны үшін қолданылатын заңнамаға сәйкес кінәлі тұлғалар жауапкершілікке тартылады.

14. Сыртқы жарықтандыру қондырғыларын және электр желілерін ұстау

115. Қала аумағын жарықтандыру сыртқы жарықтандыру қондырғыларымен (бұдан әрі - СЖҚ) қамтамасыз етіледі, оларға жататындар:

- 1) электржабдықтау құрылғылары, үйлестіруші желілер;
- 2) қорғау және электр желілерін жерге тұйықтау құрылғылары;

3) басқару құрылғылары;

4) кронштейн, арқан аспалар тіректері;

116. СЖҚ күтіп ұстау және қызмет көрсету мынадай іс-шараларды қосады:

1) шамды және шырақтардағы сынған серпілді ауыстыру, шырақтарды тазалау, жарықтандыру деңгейін өлшеуді қоса мөлшерлік және сапалық көрсеткіштер тапсырылған талаптарға сәйкес келетін СЖҚ дұрыс техникалық жағдайда ұстау;

2) СЖҚ жұмысының реттік тәртібін, кесте бойынша уақытында сөндірілуін және қосылуын бақылау, жанбаған шырақтарды, бұзушылықтарды айқындауды, жылдам оларды жоюды қамтамасыз ету.

117. Темір тіректер, кронштейндер және СЖҚ басқа элементтері жабындының жағдайына қарап, бірақ 3 жылда бір реттен кем емес боялынады.

118. Жарықтандыру тіректерінде жарнама тақталарын, инженерлік желілерін меншік иесінің келісімінсіз орналастыруға тыйым салынады.

15. Инженерлік желілерді, имараттар мен коммуникацияларды ұстау

119. Қарамағында инженерлік коммуникациялар бар заңды және жеке тұлғалар инженерлік желілер мен имараттардың үнемі техникалық жағдайларын бақылауы қажет, қаланың көріктендіруін бұзуға әкелуі мүмкін, нақты:

1) аумақтың су басуына жол бермеу;

2) бөлінген және қорғалатын аймақтардың санитарлық жағдайын бақылау;

3) люктердің, құдықтар мен камералардың қақпақтары, нөсер кәріздерінің торлары жол жабындысының деңгейіне тең болуын және әрқашан дұрыс жағдайда ұсталуын бақылау;

4) монтаждау, қайта жабу және пайдалану Қағидаларын сақтамау салдарынан бұзылатын жер асты желілерінің үстіндегі қатты және топырақ жабынды жағдайын бақылау.

120. Жер асты коммуникацияларды салу, күрделі жөндеу немесе қайта салу автомобиль жолдарын, алаңдарды және жалпы пайдаланатын басқа орындарды қайта салу басталғанға дейін жүргізілуі тиіс.

121. Бөлінген аумақ шекарасында мұздан (қысқы мерзімде) және қоқыстардан аумақтарды тазалауды, аула сыртындағы су колонкаларын ұстауды, сондай-ақ су ағынын құруды аула сыртындағы су колонкаларының иесі жүргізеді.

16. Аумақтарды көріктендіру және қасбеттерді безендіру

122. Сауда ұйымдарын, тұрғындарға қызмет көрсету жөніндегі пункттерді, офистерді және басқа объектілерді орналастыру кезінде ғимараттардың және оларға іргелес аумақтардың сәулеттік келбетін сақтау және жақсарту үшін осы объектілердің иелері мен пайдаланушылары өздері әзірленген және сәулет және

қала құрылыс органдарымен келісілген жобаларға сәйкес ғимарат қасбеттерін безендіру және іргелес аумақтарды көріктендіру жөніндегі іс-шаралар кешенін о р ы н д а у ы т и і с .

123. Іс-шаралар кешеніне жобамен қаралған көлемдердің мынадай жұмыс түрлерін орындау қосылады:

- 1) қасбеттерді әрлеу (боюу, қаптама);
- 2) ғимараттың жалпы стиліне сәйкес келетін кіре берістерді құру;
- 3) аяқжолдарды, кіру үшін алаңдарды және автомашиналар тұрақтарын, көпіршіктерді, көгалдарды, жасыл желектерді құруын қосатын аумақтарды көріктендіру жөніндегі жұмыстарды орындау;
- 4) көріктендіру элементтері - сәкілер, сауыттар, қоршауларды орнату, көп пәтерлі тұрғын үй аумақтарында балалар ойын алаңдарын орнату;
- 5) ғимаратқа іргелес аумақты жарықтандыру үшін жеткілікті сыртқы жарықтандыруды (жарық жарнамаларды) құру;
- 6) бірыңғай сәулет стилін сақтаумен орындалған маңдайшаларды орнату;
- 7) қолданылатын заңнамаға сәйкес мүгедектерге арналған пандустарды құру.

124. Кәсіпорындар, мекемелер, үй құрылыс иелері:

- 1) ғимараттарды, шаруашылық және тұрмыстық құрылымдар мен имараттарды техникалық жемділікте ұстауға, уақытында жөндеу жүргізуге және олардың сыртқы келбетін қалыпты жағдайда ұстауға;
- 2) ғимараттардың кіре берісінде көше шырағы, үйдің нөмір және көшенің (тұйық көшелердің) атау көрсеткіштері және бекітілген нормалар мен стандарттарға сәйкес өрт гидрантының флуоресценттік көрсеткіші, қоқыстарды жинауға арналған сауыттар және орындықтар болуы қажет;
- 3) көп пәтерлі үйлер кіре берістерінің есіктерінде пәтерлердің нөмірлері бар т а ң б а л а р б о л у ы қ а ж е т ;
- 4) ғимараттардың кіретін есіктерін дұрыс жағдайда ұстауға;
- 5) сәулет және қала құрылыс органдарымен келісілген жоба бойынша жасыл желектерді отырғызуға, жазғы мерзімде қоқым өсімдіктерді жүйелі жоюға, қысқы мерзімде бөлінген аумақ шегінде мұзды жаруға;
- 6) балкондарды, лоджийлерді, мансардаларды өртке қарсы және санитарлық қауіпсіздік нормаларына сәйкес ұстауға міндетті.

125. Қаланың сәулет келбетін сақтау және жақсарту мақсатында:

- 1) үйлердің, ғимараттардың, имараттардың қасбеттерінде, су ағатын тұрбаларда, жарықтандыру тіректерінде, инженерлік желілер имараттарында, қоршаудың есіктерінде және бұл мақсат үшін бөлінбеген басқа жерлерде жарнамалық үгіттеу енімдерін (транспаранттар, плакаттар, үндеулер, афишалар), визуалды ақпараттардың басқа объектілерін, салттық өнімдерін жапсыруға, ілуге ж ә н е о р н а т у ғ а ;

2) бұл үшін бекітілмеген орындарда спорт (кросстар, автомобиль, велосипед және басқа жарыстарды және басқа) шараларын өткізуге;

3) автомашиналарды, тракторларды, мотоциклдерді, велосипедтерді және басқа көлік құралдарын жуу, көшелерде, су қоймаларында, өзендерде, аула сыртындағы су ағызғыштарында, колонкаларда, аулаларда, жеке өз үйлерінен басқа жерлерде кілем бұйымдарын жууға;

4) сауда біткеннен кейін көшелерде, аяқжолдарда, алаңдарда сауда жаймаларын, ыдыстарды, жылжымалы сауда жабдықтарын қалдыруға тыйым салынады.

17. Автотұрақтарды күтіп ұстау

126. Автотұрақтар бекітілген жобалы-сметалық құжаттама және жер теліміне сәйкес ресімделу негізінде ұйымдастырылады. Тұрақты орналастыру және қызмет көрсету үшін жер телімі белгіленген заңнама тәртібінде уақытша жер пайдалану құқығында беріледі.

127. Автотұрақтардың көріктендірілуі бекітілген жобаға сәйкес орындалуы тиіс.

128. Тұрақтардың иелері тұрақ аумақтарын тазалауға және оның көріктендірілуін су бұру және тазалау жабдықтар жүйесімен, жасылдандырумен, диспетчерлік павильондарымен, өрт қауіпсіздік, жарықтандыру құралдарымен, қалдықтарды жинау және сақтауға арналған контейнер алаңымен қамтамасыз етуге міндетті.

129. Қала көшелерінде апатты автотұрақтарына (сәйкес рұқсатты құжаттамаларсыз) тыйым салынады.

130. Автотұраққа іргелес аумақта автокөлік құралдарын тұрғызуға тыйым салынады.

18. Уақытша имараттар

131. Эстетикалық сәулеттік келбетті сақтау және көшелерді тиісті санитарлық жағдайда күтіп ұстау мақсатында уақытша имараттарды (шығарылым прилавкалар, сауда автоматтары, шатырлар, дүңгіршектер және т.б.) орнату кейіннен белгіленген заңнама тәртібінде уақытша жер пайдалану құқығын ресімдеумен сәулет және қала құрылыс бөлімімен, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау және өрт сөндіру қызмет органдарымен келісім-шарт бойынша іске асырылады.

132. Уақытша имараттар иелері мынадай талаптарды сақтауға міндетті:

- 1) дүңгіршектер қатты жабынды алаңдарда орнатылуы қажет;
- 2) дүңгіршектерде тіркеу нөмірі болуы қажет;
- 3) жыл сайын дүңгіршектерді бояу қажет;
- 4) бекітілген аумақты уақытында тазалау және көріктендіру қажет;
- 5) қоқыс үшін сауыттарды және сыртқы жарықтандырудың сәнді

шырақтарын орнату қажет;

б) сауда, өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық гигиена және қоғам тәртіп
Қағидаларын сақтау;

7) дүңгіршектерде тағам өнімдерін дайындау және сатуға тыйым салынады;

8) жазғы дәмхана аумағы көріктендіріліп, таза жағдайда күтіп ұсталуы, қоқыс
жинау үшін контейнерді орнатуға арналған асфальтталған немесе бетондалған
алаң болуы қажет. қоқыс жинау алаңы объектіден 25 метрден кем емес
қашықтықта орналасуы тиіс.

133. Тұрғын үй ғимараттарының 1- қабатында терезелердің астында,
аяқжолдарда жазғы алаңдарды орналастыруға, тамақ дайындау жөніндегі
технологиялық жабдықтарды және дыбыс туғызатын аппаратураны орнатуға
тыйым салынады.

134. Жедел қызмет көрсететін қоғамдық тамақтану объектілері (жазғы
дәмханалар, кәуап, чебурек, самсаларды дайындайтын орындар, шығарылым
прилавкалар) қоғамдық және биологиялық дәретханаларымен жабдықталған
жерлерде орналасуы тиіс.

135. Жазғы дәмханалар, жедел қоғамдық тамақтану қызметін көрсететін
объектілер санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға және өртке қарсы
қауіпсіздік нормаларға сәйкес болуы қажет.

136. Уақытша сауда имараттарын өрісі 100 метрде балалар мекемелері, білім
беру ұйымдары қасында орнатуға тыйым салынады.

137. Сауда объектілер иелері уақытша құрылғылар орналасқан жер
телімдерін уақытша жер пайдалану құқығында пайдаланады.

138. Уақытша имараттарды орнату қаланың бас жоспарына, сондай-ақ
санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, өрт сөндіру қызметі органдарымен, жер
қатынастары бөлімімен келісілген және қаланың бас сәулетшісімен бекітілген
уақытша имараттарды орнату нобайына сәйкес іске асырылады.

139. Металл гараждарын орнату кейіннен белгіленген заңнама тәртібінде
уақытша жер пайдалану құқығын ресімдеумен сәулет және қала құрылыс
бөлімімен, өрт сөндіру қызметі, санитарлық-эпидемиологиялық бақылау
қызметімен келісім-шарт бойынша іске асырылады.

140. Металл гараждарды орнатуға рұқсат етіледі:

1) Ұлы Отан Соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне;

2) соғыс мүгедектеріне жеңілдік пен кепілдемелер бойынша теңелген
тұлғаларға:

бұрынғы КСРО қорғаған кезде, басқа әскери қызмет міндеттерін орындаған
кезде жарақат, контузия, зағипат салдарынан немесе соғыс әрекеттері жүріп
жатқан Ауғанстанда немесе басқа мемлекеттерде әскери қызмет болған кезде
соғыс әрекеттеріне қатысуға байланысты ауру салдарынан мүгедек болған әскери

қызметкерлер;

қызмет міндеттерін орындаған кезде алған жарақат, контузия немесе зағипат салдарынан мүгедектер болған, бұрынғы КСРО ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшылық және қатарлы құрамының тұлғалары;

батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерді орындаған кезде алынған жарақат, контузия немесе зағипат салдарынан мүгедектер болған, Украина СРО аумағында 1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі мерзімде әрекет еткен, халықты қорғау жауынгерлер және топ құрамынан, жою батальондары, взводтары және отрядтары санындағы тұлғалар;

басқа елдерде әскери контингентіне қызмет көрсеткен және соғыс әрекеттерін жүргізген кезеңде алынған жарақат, контузия, зағипат немесе аурулар салдарынан мүгедек болған санаттарға тиісті жұмысшылар мен қызметкерлер;

Чернобыль АЭС апатының және азаматтық немесе әскери маңыздағы объектілерде басқа радиациялық апаттың және ядрелік оқ сынақтарының салдарынан мүгедек болған тұлғалар, мүгедектігі бір ата-анасының радиациялық сәулелендірумен генетикалық байланысты балалар;

3) балалық шақтан болған және еңбектің I және II топ мүгедектері.

141. Осы тұлғалар топтарында жеке меншік, жалгерлік, сенімгерлік басқару құқығында көлік құралдары болуы қажет (қолдай және кәдімгі басқару автомобильдері).

142. Металл гаражының иелері:

- 1) гаражды жылына 2 реттен кем емес уақытында бояуға;
- 2) іргелес жатқан аумақты қоқыстан және арамшөптен уақытында тазалауға;
- 3) берілген рұқсаттың нөмірі болып табылатын металл гаражының нөмірлік таңбасын салуға міндетті.

19. Базарлар мен жағажайлар

143. Базарлар аумақтарында:

- 1) кәріздерді, сукұбырларды, нөсер және жібiген суларды ағызуға бейімделген қатты жабындылар (асфальт, тас, брусчатка) болуы керек;
- 2) бөленген аумақтарды жинау, қоқыс жинағыштарды және олардың ішіндегілерді тазалау меншік иеленушісімен немесе базар пайдаланушысымен жүргізілуі керек;
- 3) қалалық көлік қозғалысына кедергі жасамайтын кіре берістер мен автокөліктерді уақытша тұрғызу үшін алаңдар болуы керек.

144. Құрылыс салу (тұрғын үй ғимараттары, ауруханалар, мектепке дейінгі балалар мекемелері, мектептер) және демалыс аумағынан 50 метрден жақын базарларды орналастыруға, сондай-ақ жалпы пайдаланатын жол желісінде автокөлік құралдарын оларды іске асыру мақсатында қоюға тыйым салынады.

145. Жағажайлар аумағын, жасыл аймағын тазалау және дәретханаларды, демалу аймақтарын дезинфекциялау оларды жапқаннан кейін жүргізіледі.

146. Жағажай және демалыс аймақ аумақтарында жағажай аумағында 50 шаршы метрге 1 сауыттан кем емес жабдықталған сауыттарды орнату жасыл желектер сызығынан 3-5 метр және судан 10 метр қашықтықта орналасуы қажет.

147. Жағажайлар аймақтарында дәретханалар 75 келушілерге 1 орын есебімен , 50 метрден кем емес және шомылу орындарынан 200 метрден артық емес о р н а т ы л а д ы .

148. Жағажай, демалыс аймақ аумақтарын тазалау топырақтың жоғарғы бетін апта сайын қопсытумен, оның жыл сайын қайта себумен жүргізіледі.

149. Шомылуға арналған жерлерде машиналарды, көйлек-көншектерді, жуу, жануарларды, иттер мен мысықтарды серуендетуге болмайды.

20. Осы Қағиданы бұзу жауапкершілігі

150. Осы Қағида талаптарын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

Павлодар қалалық мәслихатының
2006 жылғы 6 наурыздағы
"Павлодар қаласы аумағының
құрылысын салу, көріктендіру
және инженерлік қамтамасыз ету
қағидасын" бекіту туралы"
N 15 / 22 шешіміне
1 қосымша

Ескерту. 1 қосымша жаңа редакцияда - Павлодар қалалық мәслихатының 2007.03.28 N 27/31; 4 тармақ алынып тасталды - Павлодар қалалық мәслихатының 2008.03.05 N 99/4; өзгерту енгізілді 2009.07.29 N 94/16 шешімдерімен.

Павлодар қаласы аумағында жалпы пайдаланатын жер құрамынан жер телімдерінің тізбесі

р/с N	Орналасқан жері	Жалпы көлемі, га
1	2	3
	Саябақтар	
1	Академик Сәтбаев-Кривенко-академик Бектұров-Қайырбаев көшелері	5,6
2	Ленин-Толстой-Луначарский-К.Маркс көшелері	1,5
3	Қамзин-Ворушин-Ломов-Циолковский көшелері	5,0
4	Прибрежная-Айманов көшелері	5,1
5	Кутузов-Лермонтов-Дерибас көшелері	1,7
6	Торайғыров-Айманов-Ленин-Конституция алаңы көшелері	8,7

7	Ленин-Крупская-Урицкий көшелері	1,8
8	Академик Сәтбаев-Ленин-Қайырбаев-Лермонтов көшелері	1,5
9	Қайырбаев-Ленин-Лермонтов көшелері	3,6
10	Кутузов-Кривенко-Қайырбаев-Иса Байзақов көшелері	4,3
11	Академик Сәтбаев-Ленин-Кривенко-Қайырбаев көшелері	6,5
12	Ленин-Қайырбаев-Кривенко-Қайырбаев көшелері	1,9
13	К.Маркс-академик Шөкин-Ертіс өзенінің жағалауы (өзен вокзалы) көшелері	1,5
14	Ленин-Кривенко-К.Маркс-Киров көшелері	2,4
15	1 Май-Лермонтов-Қайырбаев көшелері	2,8
16	Кутузов-академик Шөкин-Ломов-Катаев көшелері	5,7
17	Торайғыров-Айманов-Ленин-Конституция алаңы көшелері	11,5
18	Генерал Дүйсенов-Торайғыров-Мир көшелері	4,4
19	Қайырбаев-1 Май-Кривенко көшелері	2,5
20	Чкалов-Дерибас (Вокзал жанындағы алаңы) көшелері	0,53
21	Кутузов-Торайғыров-Дерибас көшелері	3,0
22	Қамзин-Голстой-Циолковский көшелері	2,2
23	Торайғыров-Айманов-Конституция алаңы көшелері	9,0
24	Кутузов-Катаев-Краснодонский көшелері	1,0
25	Мир-Сормов-Путейский-академик Бектұров көшелері	4,0
26	Академик Бектұров-Торайғыров-Крупская-генерал Дүйсенов көшелері	0,5
27	Кутузов-Ладожский-Волочаевский көшелері	4,5
28	1 Май-Гагарин-Ломов көшелері	1,5
29	<i>Алынып тасталған - Павлодар қалалық мәслихатының 2008.03.05 N 99/4 шешімімен.</i>	5,0
30	Ленин-Лермонтов-Ертіс өзенінің жағалауы-өзен вокзалы көшелері	10,9
31	Кутузов-академик Шөкин-М.Горький-Р. Люксембург көшелері	0,4
32	Академик Сәтбаев-академик Марғұлан-Киров-Естай көшелері	0,5
33	Естай-генерал Дүйсенов-Володарский-Луначарский көшелері	7,07
	Саяжолдар	
34	Дачный шағынауданы	6,0
	Бульварлар	
35	Володарский (Естай-Лермонтов) көшесі	3,3
36	Луначарский (академик Сәтбаев-генерал Дүйсенов) көшесі	0,2
37	Ленин-Сәтбаев, академик Марғұлан-академик Бектұров, Қамзин көшелері-малая объездная жолы	0,18

38	Маяковский (К. Маркс-академик Сәтбаев) көшесі	0,4
39	Торайғыров (Кутузов-Короленко) көшесі	2,6
	Жасыл аймақтар	
40	Академик Шөкин (Павлодар мемлекеттік университетінің машинакұрылыс факультеті ауданы) көшесі	0,2
41	Академик Сәтбаев (Қайырбаев-Торайғыров) көшесі	2,0
42	Целинный-Крайный көшелері	0,5
43	Кутузов-Ж.Мұса көшелері	3,6
44	Кутузов (Торайғыров-Ж.Мұса) көшесі	10,0
45	Кутузов (Естай-Суворов) көшесі	1,2
46	Прибрежный-Песочный-Айманов-Ертіс өзені көшелері	3,8
47	№ 19 автожол	5,1
48	Малая обьездная жолы	5,8
49	29 Ноябрь-М.Исінәлиев көшелері	0,23
	Балалар спорт алаңдары	
50	Айманов көшесі, 31	0,0340
51	Айманов көшесі, 36	0,0700
52	Мир көшесі, 13	0,0180
53	Мир көшесі, 21	0,0196
54	Мир көшесі, 5/1	0,1140
55	Торайғыров көшесі, 14	0,0396
56	Набережный көшесі, 9	0,0190
57	Лермонтов көшесі, 4	0,0196
58	Генерал Дүйсенов көшесі, 18/3	0,0185
59	1 Май көшесі, 20/2	0,0190
60	1 Май көшесі, 24	0,0180
61	1 Май көшесі, 22	0,0180
62	Академик Бектұров көшесі, 52/1	0,0200
63	Академик Бектұров көшесі, 75	0,0196
64	Естай көшесі, 95	0,0196
65	Павлов көшесі, 24/1	0,0196
66	Қамзин көшесі, 20	0,1060
67	Комсомольский көшесі, 1/1	0,0196
68	Мүткенов көшесі, 56	0,0700
69	Сибирский көшесі, 89	0,0880
70	Чкалов көшесі, 130	0,0800

71	Украинский көшесі, 97	0,0196
72	Целинный көшесі, 91	0,0180
73	Суворов көшесі, 35	0,0190
74	Суворов көшесі, 37	0,0800
75	Суворов көшесі, 21	0,0200
76	Чкалов көшесі, 18	0,0180
77	Чкалов көшесі, 20	0,0870
78	Кривенко көшесі, 81	0,0180
79	Академик Шөкин, 31	0,0896
80	Академик Шөкин, 38	0,0970
81	1 Май көшесі, 286	0,0896
82	1 Май көшесі, 288	0,1096
83	Горький көшесі, 35	0,1096
84	Академик Сәтбаев көшесі, 253	0,1076
85	Ломов көшесі, 58/1	0,0896
86	Короленко көшесі, 355	0,0396
87	Кутузов көшесі, 89	0,0196
88	1 Май көшесі, 383/1	0,0176
89	Кутузов көшесі, 172	0,0180
90	Ворушин көшесі, 14	0,1000
91	Ворушин көшесі, 12	0,0700
92	Ломов көшесі, 181/4	0,0196
93	Ломов көшесі, 181/7	0,0180
94	Чайковский көшесі, 7	0,0190
95	Рылеев көшесі, 21	0,0196
96	Бестужев көшесі, 14	0,0396
97	Бестужев көшесі, 6	0,0180
98	Баймолда көшесі, 9	0,01060
99	Улица Донецкий, 4	0,0196
100	Жаяу Мұса көшесі, 1	0,1096
101	Майра көшесі, 31	0,0180
102	Майра көшесі, 43	0,0900
103	Майра көшесі, 23	0,0396
104	Майра көшесі, 49	0,0196
105	Ткачев көшесі, 17	0,0200

106	Ткачев көшесі, 9	0,0700
107	Қамзин көшесі, 364	0,0396
108	Кутузов көшесі, 285	0,0380
109	Кутузов көшесі, 287	0,0196
110	Кутузов көшесі, 291	0,0900
111	Қамзин көшесі, 350	0,1000
112	Қамзин көшесі, 358	0,1896
113	Суворов көшесі, 39	0,0800
114	Ломов көшесі, 46-50	0,0696
115	1 Мамыр көшесі, 40	0,0970
116	Айманов көшесі , 42	0,0680
117	Айманов көшесі, 28	0,0900
118	Кутузов көшесі, 42	0,1270
119	Торайғыров көшесі, 44/1	0,0976
120	Ленин көшесі, 10	0,1900
121	Академик Бектұров, 15	0,1900
122	Кутузов көшесі, 6/3	0,1900
123	Суворов көшесі, 17	0,0500
124	Айманов көшесі, 20	0,0375
125	Айманов көшесі, 5	0,0170
126	Торайғыров көшесі, 65	0,0196
127	Естай көшесі, 56/1	0,0196
128	Короленко көшесі, 8	0,0180
129	Кутузов көшесі, 20	0,0380
130	Суворов көшесі, 12	0,0170
131	Суворов көшесі, 7/1	0,0190
132	Қамзин көшесі, 58/1	0,0190
133	Кутузов көшесі, 35	0,1050
134	Минин көшесі, 38/2	0,0380
135	Қайырбаев көшесі, 32	0,0800
136	1 Май көшесі, 280	0,0896
137	Ломов көшесі, 32	0,1076
138	Ломов көшесі, 34	0,0380
139	Ломов көшесі, 36	0,0800
140	Гагарин көшесі, 68	0,0196

141	Ломов көшесі, 149	0,0880
142	Ломов көшесі, 167	0,0190
143	Ломов көшесі, 169	0,0396
144	Қамзин көшесі, 166	0,0190
145	Катаев көшесі, 101	0,0180
146	Академик Шөкин көшесі, 164/1	0,0196
147	Академик Сәтбаев көшесі, 143	0,2296
148	Катаев көшесі, 67	0,0620
149	Ленин көшесі, 7/1	0,0780
150	Ломов көшесі, 155	0,0680
151	Павлов көшесі, 73	0,0500
152	Павлов көшесі, 44	0,1900
153	Усолка шағынауданы (N 42 мектеп)	0,1900
154	Академик Шөкин, 27 (N 22 мектеп)	0,0800
155	29 Ноябрь көшесі	0,1500

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК